

**Ыстық тамақпен оқушыларды қамтамасыз етуді ұйымдастыру  
туралы мәлімет  
2025-2026 оқу жылы**

Қыркүйек айы ваучер бойынша ыстық тамақ ішетін оқушылардың саны 323-ді құрап отыр. Оның ішінде 1-4 сынып оқушыларының саны 282 болса, 5-11 сынып аралығында оқушыларының саны 41 құрайды.

Асханада барлық санитарлық-гигиеналық талаптар сақталған, оқушылардың ыстық тамаққа баруы 4 уақытта ұйымдастырылды

Оқушылардың тамақтану кестесіне сәйкес уақытылы тамақтануы және күнделікті берілетін тамақтың сапасы, құрамы, температурасы әлеуметтік педагог пен мектеп мейірбекесі бақылап, тексеріп отырды. Әсіресе, оқушылардың денсаулығына қауіпті астардың болдырмауы мен уланудың алдын алу үшін мектептің әлеуметтік педагогы мен мейірбекесі күнделікті мәзірден сынама жүргізеді. Сонымен қатар, асхананың жалпы тазалығы, қол жуатын орынның талапқа сай болуы, асханада тиым салынған заттардың сатылымға шықпауы және асхана қызметкерлерінің жай-күйі мен санитарлық-гигиеналық талаптарға сай болуы (арнайы киім формасының болуы, тазалығы т.б.) бақылауда ұсталынады және кемшілік байқалған сәтте ескертулер беріледі. Асханада қол жуатын орында сабын, , температура өлшегіш құрал мен тіркеу журналы, ас мәзір бұрышы, ата-аналардың арыз-шағым, ұсыныс жазатын журналдары бар .Асхананы жалға алушы мердігер Кадрбаева Ақмарал мен қызметкер Султанова Надра арасында еңбек шарты түзілген .Асханада перспективалық менюдің негізінде 2 апталық меню мердігер тарапынан жасалған.Апталық және күндік менюлар шығарылып, бекітіліп тұрады. Бракераждық комиссия мектеп асханасын және тамақтың сапасын, тазалығын тексеріп ақт жасап тұрады. Асханада оқушылар екі аусымда тамақтанады. Ұлттық деректер базасында ыстық тамақ ішетін оқушылар тіркелген .

Әлеуметтік педагог



С.Шегенова

Бекітемін  
Мектеп директоры  
Қ. Байтишев


«Т. Айтжанов атындағы жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесіндегі білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекеленген санаттарына тегін және жеңілдетілген тамақтандыруды ұсыну іс шара жоспары

2025-2026 оқу жылы

02.09.2025 ж

к/с	Орындалатын жұмыстар	Мерзімі	Жауапты
1	Мектепшілік бұйрық шығару.	02.09.2025	Мектеп директоры
2	Іс шара түзіп бекіту	02.09.2024	Әлеуметтік педагог
3	Ата-аналар өтініштерін қабылдау	Тамыз айында	Әлеуметтік педагог, Сынып жетекшілері
4	Тегін ыстық тамақ ішетін оқушылардың тізімін анықтау	тамыз	Әлеуметтік педагог
5	Анықталған оқушылардың тізімін АББ басшысына бекіту	Уақытында	Әлеуметтік педагог
6	Тегін ыстық тамақпен қамтылған оқушылардың құжаттарын жинақтау.	тамыз-қыркүйек	Әлеуметтік педагог
7	Күнделікті ас мәзірін бекіту.	Күнделікті	Әлеуметтік педагог Медбике
8	Оқушыларға ыстық тамақ беру туралы анықтама беру .	Күнделікті	Әлеуметтік педагог Сынып жетекшілері
9	Тамақпен қамтылған оқушыларды күнделікті қадағалап, қадағалау дәптерін толтырып отыру.	Күнделікті	Әлеуметтік педагог Аспазшы
10	Бракераж журналын арнау.	Қыркүйек	Медбике
11	Тағамдардың сертификаттарының болуын қадағалау	Ай сайын	Мектеп медбикесі Әлеуметтік педагог
12	Асханадағы ыдыстардың толық болуын тексеру.	Ай сайын	Мектеп медбикесі Әлеуметтік педагог
13	Оқушылардың тамақ ішкен табелін толтырып уақытылы тиісті орынға жеткізіп отыру.	Әр айдың соңында	Сынып жетекшілері Әлеуметтік педагог

Әлеуметтік педагог

 Шегенова С

## Оқушылардың ыстық тамақпен қамтылуы – дені сау ұрпақ кепілі

### 1. Ыстық тамақтың әлеуметтік маңызы

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында, «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Кодексында мектеп оқушыларын ыстық тамақпен қамтуға ерекше көңіл бөлінген. Бұл – мемлекеттің болашақ ұрпақ алдындағы басты жауапкершілігінің бірі.

Ыстық тамақ – тек қана баланың физикалық дамуы үшін емес, сондай-ақ оның оқу қабілетінің, зейінінің, белсенділігінің артуына тікелей ықпал етеді. Ғалымдардың зерттеулері бойынша, күніне бір рет ыстық тағам ішетін балалардың үлгерімі жоғары, шаршағыштығы аз және денсаулығы мықты болып келеді.

Мектеп асханасында ұйымдастырылатын ыстық тамақ – әлеуметтік әділеттіліктің де көрінісі. Өйткені мемлекет тарапынан көпбалалы, аз қамтылған отбасылардың балаларына, жетім және қамқоршылықтағы балаларға тегін тамақтану мүмкіндігі берілген. Бұл – оқушы арасындағы теңсіздікті жоюға бағытталған нақты шара.

### 2. Дұрыс тамақтанудың бала денсаулығына әсері

- Баланың өсуіне қажетті ақуыз, дәрумендер мен минералдардың жеткілікті түсуін қамтамасыз етеді;
- Асқазан-ішек ауруларының алдын алады;
- Қан аздық, семіздік, әлсіздік секілді ауруларды болдырмайды;
- Оқу үлгерімін арттырады, есте сақтау қабілетін дамытады;
- Психологиялық көңіл-күйін жақсартады, өзін сенімді сезінуіне ықпал етеді.

### 3. Мектебіміздегі жағдай

Т.Айтжанов жалпы орта білім беретін мектебінде оқушылардың ыстық тамақпен қамтылуы жүйелі жолға қойылған. Қазіргі таңда:

- Мектеп бойынша 164 оқушының барлығы асхананың қызметін пайдаланады;
- Оның ішінде әлеуметтік санаттағы 14... оқушы тегін ыстық тамақпен қамтылған;

- Әр күнгі ас мәзірі санитарлық талаптарға сәйкес дайындалып, мектеп әкімшілігі мен ата-аналардың бақылауынан өтеді;

- Асхананың санитарлық тазалығы мен тағам сапасы тұрақты түрде қадағаланады.

#### **4. Әлеуметтік педагог пен сынып жетекшілердің рөлі**

Оқушыларды ыстық тамақпен қамтуда әлеуметтік педагог пен сынып жетекшілердің міндеті ерекше.

- Мұқтаж отбасыларды анықтап, тиісті құжаттарын рәсімдеуге көмектеседі;

- Баланың асханаға уақытылы баруын бақылап отырады;

- Тамақ сапасына қатысты оқушы мен ата-ана пікірін жинақтап, мектеп әкімшілігіне жеткізеді;

- «Дұрыс тамақтану – денсаулық кепілі» тақырыбында тәрбие сағаттары мен әңгімелер ұйымдастырады;

- Асхананың жұмысына мониторинг жасап, ұсыныстар енгізеді.

#### **5. Ата-анамен байланыс**

Ыстық тамақ мәселесінде ата-ананың пікірі де маңызды. Мектепте ас мәзірі аптаның басында ата-аналарға таныстырылып, олардың ұсыныстары ескеріледі. Сонымен бірге «Ашық есік күндері» өткізіліп, ата-аналар асхананың жұмысымен танысуға мүмкіндік алады. Бұл – сенім мен ашықтықты арттырудың бір жолы.

#### **6. Қорытынды**

Баланың дұрыс тамақтануы – оның денсаулығының, оқу үлгерімінің, тәрбиесінің басты көрсеткіші. Ыстық тамақпен қамту мәселесі – тек мектептің ғана емес, ата-ананың да, жалпы қоғамның ортақ жауапкершілігі.

Халық даналығында «Ауру – астан» деп тегін айтылмаған. Сондықтан біз мектеп ұжымы болып, оқушылардың ыстық тамақпен қамтылуын әрқашан басты назарда ұстауымыз керек. Дені сау, қуатты, білімді ұрпақ – ел болашағының кепілі.

№2 ХАТТАМАСЫ

29.09.2025

**Отырыс өткен орын:** Т.Айтжанов жалпы білім беретін мектеп.

**Төраға:** Айтбаев Серикбай

**Қатысқандар:** кеңес төрағасы және мүшелері, мектеп директоры Қ.Байтишев, директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары С.Қалдарова, тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары М.Ибрагимов.

**Хатшы:** С.Шегенова.

**КҮН ТӘРТІБІНДЕ:**

1. «Отбасы және балалар саласында мемлекеттік қызметтерді көрсету қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 24 сәуірдегі №158 бұйрығына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 12 сәуірдегі №95 бұйрығының 10-қосымшасымен бекітілген «Жалпы білім беретін мектептерде білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарына тегін және жеңілдетілген тамақтандыруды ұсыну» мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларына сәйкес Т.Айтжанов атындағы жалпы білім беретін мектебінде білім алып отырған бастауыш және жекелеген санаттағы балаларды 2025-2026 оқу жылында мектеп асханасында бір мезгіл тегін тамақпен қамту мәселесі.
2. Әртүрлі мәселелер.

**Кеңес төрағасы С.Айтбаев:** «Отбасы және балалар саласында мемлекеттік қызметтерді көрсету қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 24 сәуірдегі №158 бұйрыққа (жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 12.04.2023 ж. №95 бұйрығы) 10-қосымшаға сәйкес «Жалпы білім беретін мектептерде білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарына тегін және жеңілдетілген тамақтандыруды ұсыну» мемлекеттік қызмет көрсету қағидалары мен «Орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру және мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында, жетім балалар мен ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларға білім беру ұйымдарында тәрбиеленушіні және білім алушы балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарларды сатып алу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №598 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 8 маусымдағы №235 бұйрығы және Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 17 ақпандағы №ҚР ДСМ-16 бұйрығымен бекітілген «Қоғамдық тамақтану объектілеріне қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар» санитарлық қағидаларына сәйкес Т.Айтжанов атындағы жалпы білім беретін мектебінде білім алып отырған жекелеген санаттағы балаларды 2025-2026 оқу жылында мектеп асханасында бір мезгіл тегін тамақпен қамту мақсатында 2025 жылдың 26 тамызында мектепшілік тамақтанудың сапасына мониторинг жүргізу жөніндегі (бракераждық) комиссия (әрі қарай-комиссия) құрамын, сондай-ақ білім алушылардың мектеп асханасында тиімді және сапалы тамақтануына басқада жауапты мамандарды бекіту, ауыз су режимін ұйымдастыру және тыйым салынған тамақ өнімдерін мектеп асханасында пайдаланбау туралы бұйрықтар қабылданды.

Бұйрықтарда 2025 жылдың қыркүйек айынан бастап Қазақстан Республикасының Президентінің 2022 жылғы 26 қарашадағы №2 Жарлығына сәйкес бастауыш 1-4 сынып білім алушыларының тегін тамақтануы, комиссия құрамы 9 адамнан құрылғаны, сондай-ақ тамақтандыру жұмысына жауапты мамандардың бекітілгені және мектептің интернет ресурсының «Мектептік тамақтандыру» айдарында үздіксіз мониторинг жүргізіліп отырылуы көрсетілді.

**Әлеуметтік педагог С.Шегенова:** аталған мемлекеттік көрсетілетін қызмет қағидаларына сәйкес мектептің әлеуметтік қызмет мамандары тарапынан 2025 жылдың тамыз айында атқарған жұмыстарының нәтижесінде бүгінгі күні бастауыш 1-4 сыныптар аралығында білім алатын 282

алушы мен жекелеген санаттағы, 5-11 сыныптар аралығында оқитын, қосымшада көрсетілген 41 білім алушы, жалпы саны 323 (үш жүз жиырма үш) білім алушы 2025 жылдың қыркүйек айынан бастап 2 ауысымда мектеп асханасында бір мезгіл тегін тамақпен қамтылады:

Жинақталған барлық құжаттар жинағы қыркүйек айында мектептің Ұлттық білім беру деректер қоры базасына енгізіліп, жалпы білім алушыларды мектеп асханасында тамақтандыру жұмысы алдағы мектеп әкімшілігі және алқалық орган мүшелері тарапынан оқу жылы бойы үздіксіз қадағаланатын болады.

**Кеңес мүшесі сөз алған Аташева Мериза:** мектеп асханасында білім алушыларды тегін және жеңілдетілген тамақтандыру жұмысы бүгінгі күнгі білім ұйымдарындағы өзекті мәселелердің бірі, тегін тамақтанатын білім алушыларға мектеп әкімшілігімен бекітілген жауапты мамандардың тарапынан оқу жылы бойы үздіксіз қадағалануы тиіс. Аталған жұмыста, оның ішінде мектеп асханасында санитарлық талаптардың сақталуын қадағалауда комиссияның атқарар жұмысы мол, сол себепті комиссия жұмысын жандандырып, күшейту қажет.

### **ШЕШІМІ:**

1. Бастауыш 1-4 сыныптарының 282 білім алушысы мен тізім бойынша бекітілген 5-11 сыныптар аралығында оқитын жекелеген санаттағы 41 жалпы саны 323 (үш жүз жиырма үш) білім алушы 2025-2026 оқу жылында мектеп асханасында бір мезгіл тегін тамақпен қамтылсын.
2. Білім алушылардың мектеп асханасында тиімді және сапалы тамақтануы оқу жылы бойы мектеп әкімшілігі мен комиссия тарапынан үздіксіз қадағалансын.
3. Бастауыш сынып білім алушыларының мектеп асханасында тамақтану тиісті жүйеде атқарылып, кезекшіліктер қатаң бақылансын. Жауапкершілік сынып жетекшілеріне жүктелсін.
4. Комиссия жұмысы жандандырылсын. Жұмыс бағыты күшейтілсін.
5. Бекітілген мамандар тарапынан мектептің интернет ресурсының «Мектептік тамақтандыру» айдарында оқу жылы бойы үздіксіз мониторинг жүргізілсін.

Қамқоршылық кеңес төрағасы:  
Кеңес хатшысы:



С.Айтбаев  
С.Шегенова

«Т.Айтжанов атындағы  
жалпы орта білім беретін  
мектебі» коммуналдық  
мемлекеттік мекемесі

ЫСТЫҚ ТАМАҚТАНДЫРУДЫ  
ҰЙЫМДАСТЫРУҒА ҚАТЫСТЫ



ТАМАҚТАНДЫРУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУҒА ҚАТЫСТЫ НОРМАТИВТІК  
КҮЖАТТАР



1. Қазақстан  
Республикасы  
Үкіметінің 2008  
жылы 25  
қазтардағы  
№64 Қаулысы.



2. Қазақстан  
Республикасы  
Үкіметінің 2012  
жылы 12  
наурыздағы №  
320 Қаулысы.



3. Қазақстан  
Республикасы  
Денсаулық  
сақтау  
министрінің  
2022 жылы 17  
ақпандағы №16  
бұйрығы.



4. Қазақстан  
Республикасы  
Білім және  
ғылым  
министрінің  
2018 жылы 31  
қазандағы № 598  
бұйрығы.

5. Қазақстан  
Республикасы Білім  
және ғылым  
министрінің 2020  
жылы 24 сәуірдегі  
№ 158 бұйрығы.

**Денсаулық – адам маңдығын шешетін ұлы іс.**

## **Міндеттері:**

1. Оқушылардың денсаулығын сақтау және сақтаушы өмір салтын қалыптастыру;
2. Оқушыларға мәзір бойынша асты ұсынуды бақылау және екі апталық мәзірмен сәйкес келуін қадағалап отыру;
3. Жеткізілген тамақтардың мерзімінің өтін кетпеуін бақылау, келген тамақтарды тексеріп алу;
4. Тамақты алдын ала дайындап қою мәселесін қадағалау, әр күн сайын оқушыларға жаңадан дайындалған тағам түрін ұсынуды қолға алу;
5. Мектеп пен ата-аналардың арасында баланы тамақтандыру жөнінде ақпараттық-түсінік жұмыстарын жандандыру;

# ЫСТЫҚ ТАМАҚ

**Ыстық тамақпен қамту  
2025-2026 оқу жылы  
бойынша  
1-4 сыныптар 282 оқушы  
5-11 сыныптар 41 оқушы**

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 24 сәуірдегі №64, № 158 бұйрығына « Жалпы білім беретін мектептердегі білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелген санаттарына тегін және жеңілдетілген тамақтандыруды ұсыну» мемлекеттік қызметті көрсетіліп, ыстық тамақпен қамтылып отыр



Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 26 қарашадағы №2 Жарлығына сәйкес құрылған «Әділетті Қазақстан: бәріміз және арқайсымыз үшін. Қазір және ардайым» сайлауалды бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-қимыл жоспарының ІІІ ӘДІЛЕТТІ ҚОҒАМ тарауы 3.1. Қолжетімді және сапалы білім бөлімінің 77 тармақшасында көрсетілген 1-4 сынып оқушыларының барлығы да тегін ыстық тамақпен қамтамасыз етілуде.

# ЫСТЫҚ ТАМАҚ

Былығы жылдағы тамақтандыруда жүзеге асырылып жатқан жоба әлеуметтік амын жобасы. Әлеуметтік амын жобасы бойынша аудандық білім бөлімінің бұйрығы негізінде мектепте жауапты тұлғаларға мектеп директорының бұйрығы шығарылды. Әлеуметтік амын жобасы бойынша 5-11 сыныптан тегін тамақтанатын балалардың ата-аналарымен түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, электрондық үкімет порталы арқылы балаларға кюар код алынды. Код алып, күнделікті тамақтануы сканерден өтіп отыр..




## Әлеуметтік амыан

Дәрікәзздер енді ЕСОУ  
мобильді қосымшасында

## Социальныый кошелек

Рецепты теперь в мобильном  
приложении ЕСОУ



Ыстық тамақпен қамту 2025-2026 оқу жылы бойынша  
1-4 сыныптар 282 оқушы  
5-11 сыныптар 50 оқушы



Т.Айтжанов атындағы жалпы білім беретін мектебінің әлеуметтік педагогы С.Шегенованың 2025-2026оқу жылында мектеп асханасында тамақтануды ұйымдастырудың жағдайы тамыз айы №1 педагогикалық кеңес

### Анықтама

Т.Айтжанов атындағы жалпы білім беретін мектебінде 2025-2026 оқу жылында «Жалпыға міндетті білім беру қоры» есебінен бір мезгіл ыстық тамақ ұйымдастырылды.

Негізі: ҚР Үкметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы №64 қаулысы.

Сауран ауданының білім бөлімінің 14.08.2025 № 41-13/1741 хаты негізіне мектепшілік бұйрық шығарылып, іс - шара жасалынды .

1-4 сыныптар арасында 282 оқушы, 5-11 сыныптар арасында атаулы әлеуметтік көмек алатын және аз қамтылған 41 оқушы, жалпы 323 оқушы бір мезгіл ыстық тамақпен қамтылды.

5-11 сыныптар арасында атаулы әлеуметтік көмек алатын және аз қамтылған 41 оқушының ата аналарынан өтініштер жиналды және құжаттары толықтырылып, жинақталды. Негізі: ҚР Үкметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы №64 қаулысы

Т.Айтжанов атындағы жалпы білім беретін мектебінде 2025-2026оқу жылында тамақтың сапасын бақылау мақсатында бракераждық комиссия құрылды.

Асхананы жалыға алушы мердігер Кадрбаева Ақмарал аудандық білім бөлімімен келісім шартқа тұрған және акт жасалған.

Асхана қызметкері Султанова Надра медициналық тексеруден өткен және аспазшылық куәлігі бар. Мердігер Кадрбаева Ақмарал мен қызметкер Султанова Надраның арасында еңбек шарты түзілген.

Асханада перспективлық менюдің негізінде 2 апаталық меню мердігер тарапынан жасалған. Апталық және күндік менюлар шығарылып, бекітіліп тұрады.

Бракераждық комиссия мектеп асханасын және тамақтың сапасын, тазалығын тексеріп, акт жасап, хаттама түзіледі

Асханада жарық, жылу және ыстық сумен қамтылған. Асхана таза талапқа сай оқушылар 2 ауысымда тамақтанады

Ұлттық деректер базасында ыстық тамақ ішетін оқушылар тіркелген.

### Ұсыныстар

1. Менің атқарған жұмыстарым қанағаттанарлық деп танылса
2. Оқушылардың тамаққа баруын сынып жетекшілер қадағаласа.